

Павлодар кеденшілері «М.Әуезовті оқимыз» атты халықаралық акциясына қатысты

2013 жылғы 18 ақпанда Павлодар облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада ұйымдастырылған «Бабалар сөзі» атты мәдени іс-шараға қатысты. Кітапхана қызметкерлері іс-шараны «М.Әуезовті оқимыз» атты халықаралық акцияның шеңберінде өткізді.

Павлодар облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті құрылымдық бөлімшелердің лауазымды тұлғалары М.Әуезовтің әңгімесіне жетпісінші жылдары түсірілген «Көксерек» көркем фильмін тамашалады. Нағыз қазақи тұрмыс-тіршілікті айқын бейнелеген бұл кино қазақ халқының талай дәстүрлерін паш етті. Дана қазақтың «Қасқырды қанша асырасаң да, далаға қарап ұлиды» деген сөздерін есіңе түсіреді. Кішкентай баланың көзін ашпаған белтірікті өсіріп, кейін өзінің жанындай жақсы көретін Көксерегінің азуынан қаза табуы көрермендерді талай ойға

жетеледі. Кино соңынан көрермендер пікір алмасты. Кітапхана қызметкерлері бұрынғы кино мен қазіргі заман киносын салыстырып, М.Әуезов шығармаларының тілін талдады. Сонымен қатар, М.Әуезов шығармаларының кітаптар көрмесі аса ауқымды болды. Атап айтқанда, әлемге әйгілі «Абай жолы» туындысының бірнеше тілдегі нұсқасы, жаңадан басылған нұсқасы, оған қоса, 50 томдық шығармалар жинағы көрсетілді.

Өз пікірлерін ашық айтып, осындай мәні зор мәдени іс-шараға қатысқандарына дән риза болып қайтқан кеденшілер, рухани азық алатын шаңырақта тіл жанашырлары ұйымдастырған осындай іс-шаралар жалғасын табатынына сенім білдіріп, кітапхана қызметкерлеріне алғыстарын білдірді.

Павлодар облысы бойынша кедендік бақылау департаменті.